

Гранттарды жоспарлау, тарту және пайдалану тиімділігі мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесін құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 қазандағы N 1047 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 тамыздағы № 488 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.08.2016 № 488 қаулысымен.

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.03.26 N 353 Қаулысымен.

Мемлекеттік қарыздар мен гранттарды жоспарлау, тарту және пайдалану тиімділігі мәселелері жөніндегі үйлестіруді күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Гранттарды жоспарлау, тарту және пайдалану тиімділігі мәселелері жөнінде үйлестіру кеңесі құрылсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.03.26 N 353 Қаулысымен.

2. Қоса беріліп отырған Гранттарды жоспарлау, тарту және пайдалану тиімділігі мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ереже бекітілсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.03.26 N 353 Қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5

ж ы л ғ ы

1 9

қ а з а н д а ғ ы

N

1 0 4 7

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Гранттарды жоспарлау, тарту және пайдалану тиімділігі мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесінің құрамы

Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі
т ө р а ғ а
Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау
вице-министрі, төрағаның орынбасары
Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау
министрлігінің Инвестициялық саясат департаменті директорының орынбасары,
х а т ш ы
Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жауапты хатшысы
Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі
Дүниежүзілік Банктің Қазақстан Республикасындағы тұрақты өкілі (келісім
б о й ы н ш а)
Германия халықаралық ынтымақтастық қоғамының Қазақстан
Республикасындағы тұрақты өкілі (келісім бойынша)
Азия Даму Банкінің Қазақстан Республикасындағы өкілдігінің басшысы (келісім
б о й ы н ш а)
Еуропа Одағының Қазақстан Республикасындағы өкілдігінің басшысы (келісім
б о й ы н ш а)
Ислам Даму Банкінің Қазақстан Республикасындағы өңірлік өкілдігінің
директоры (келісім бойынша)
Жапония халықаралық ынтымақтастық агенттігінің Қазақстан
Республикасындағы сарапшысы, Жобаларды қалыптастыру жөніндегі кеңесші (келісім
б о й ы н ш а)
Еуропа Қайта Құру және Даму Банкінің Астана қаласындағы өкілдігінің
басшысы (келісім бойынша)
Түркия халықаралық ынтымақтастық агенттігінің Қазақстандағы өкілі (келісім
б о й ы н ш а)
Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму Бағдарламасының тұрақты өкілі (келісім
б о й ы н ш а)
Америка халықаралық даму агенттігінің Астана қаласындағы офисінің
басшысы (келісім бойынша)
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 1 9 қ а з а н д а ғ ы
N 1 0 4 7 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Мемлекеттік қарыздар мен гранттарды жоспарлау, тарту және пайдалану тиімділігі мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қарыздар мен гранттарды жоспарлау, тарту және пайдалану тиімділігі мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерін, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен, сондай-ақ қызметі Кеңестің мақсаттары мен міндеттеріне қайшы келмейтін қарыз берушілермен және донорлармен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырады.

4. Кеңес шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

2. Кеңестің міндеттері мен функциялары

5. Кеңестің негізгі міндеттері:

1) Қазақстан Республикасы мемлекеттік ұйымдарының қарыз берушілермен және донорлармен ынтымақтастығының қысқа мерзімді және орта мерзімді міндеттері жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру;

2) мемлекеттік қарыздар мен гранттарды жоспарлауға, тартуға және пайдалануға байланысты проблемалық мәселелерді талдауды жүзеге асыру, сондай-ақ оларды шешу жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұйымдарына мемлекеттік қарыздар мен гранттарды жоспарлау, тарту және тиімді пайдалану жөніндегі мәселелерді шешуге жәрдемдесу;

4) халықаралық құқық нормаларына сәйкес мемлекеттік қарыздар мен гранттарды жоспарлау, тарту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөніндегі ұсынымдар мен ұсыныстарды әзірлеу болып табылады.

6. Негізгі міндеттерді орындау мақсатында Кеңес мынадай функцияларды атқарады:

1) мемлекеттік қарыздар мен гранттарды тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі ұсыныстарды, мемлекеттік қарыздар мен гранттарды

жоспарлауды, тартуды және пайдалануды үйлестірудің проблемалық мәселелерін қ а р а й д ы ;

2) мемлекеттік қарыздар мен гранттарды тиімді жоспарлау, тарту және пайдалану мәселелері жөніндегі ұсыныстарды, ұсынымдар мен консультативтік қорытындыларды дайындайды және Қазақстан Республикасының Үкіметіне е н г і з е д і ;

3) мемлекеттік қарыздар мен гранттарды тарту және пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына консультациялық жәрдем көрсетеді;

4) Қазақстан Республикасы ұлттық заңнамасының мемлекеттік қарыздар мен гранттарды жоспарлау, тарту және тиімді пайдалану мәселелері бойынша халықаралық құқық нормаларына сәйкес келу мәніне талдау жасайды.

3. Кеңестің құқықтары

7. Кеңес өз міндеттерін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттік органдар мен ұйымдардан қажетті құжаттарды, материалдарды және ақпаратты сұратады;

2) мемлекеттік қарыздар мен гранттарды жоспарлау, тарту және тиімді пайдалану мәселелері жөнінде ұсынымдар береді;

3) мемлекеттік қарыздар мен гранттарды үйлестіруге байланысты мәселелер жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізеді;

4) Кеңес құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұйымдарының өкілдерін, қарыз берушілер мен донорларды Кеңес отырыстарына шақырады және тыңдайды;

5) Кеңес шеңберінде әлеуметтік-экономикалық қызметтің жекелеген бағыттары бойынша арнайы жұмыс топтарын құрады.

4. Кеңес қызметін ұйымдастыру

8. Кеңесті төраға басқарады.

9 . К е ң е с т ө р а ғ а с ы :

1) Кеңес жұмысына жалпы басшылықты жүзеге асырады;

2) Кеңес отырыстарында төрағалық етеді;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің алдында Кеңес жұмысының қорытындылары туралы есеп береді.

1 0 . К е ң е с х а т ш ы с ы :

1) Кеңес жұмысының жоспарын әзірлеуді қамтамасыз етеді;

2) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен;

3) Кеңес отырысы өткізілгеннен кейін хатшы хаттама ресімдейді;

4) Кеңес мүшелерін және қарыз берушілер мен донорлардан шақырылған өкілдерді Кеңестің кезекті отырысының өткізілетін орны, уақыты және күн тәртібі туралы хабардар етеді;

5) Кеңес отырыстары хаттамаларының үзінділерін өз қолымен растайды.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

11. Кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде жылына бір рет өткізіледі және егер Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды болып саналады.

12. Төраға болмағанда отырыстарға Кеңес төрағасының орынбасары төрағалық етеді.

13. Кеңес шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер оларға қатысып отырған Кеңес мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыс беру Кеңес отырысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа (бұдан әрі – Нұсқаулық) сәйкес нысан бойынша дауыс беру парағын толтыру жолымен өткізіледі. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Кеңес мүшелерінің ерекше пікір білдіруге құқығы бар, оны білдірген жағдайда, ол жазбаша түрде жазылуы және Нұсқаулықтың 24-тармағында көзделген Кеңестің есеп-хатына қоса берілуі тиіс.

Кеңес отырыстарын өткізу нәтижелері бойынша және дауыс беру парақтарының негізінде үш жұмыс күні ішінде хаттама жасалады, оған төраға мен хатшы қол қояды.

Дауыс беру қорытындысы бойынша хаттама жобасының мазмұны өзгерген жағдайда, Кеңес хатшысы қабылданған шешімнің нақтыланған редакциясы бар дауыс беру парағын Кеңес мүшелеріне келісу үшін жібереді.

Кеңес мүшелері дауыс беру парағын алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде келісу не себептерін негіздей отырып, келіспеу туралы жауап береді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

14. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

15. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

16. Қажет болған жағдайда Кеңес шешімдері Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарына Кеңес отырыстарының хаттамаларынан

үзінділер жіберу жолымен жеткізіледі.

17. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Кеңестің жұмыс органы болып табылады.

Кеңестің жұмыс органы Кеңестің жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық камтамасыз етуді жүзеге асырады, оның ішінде Кеңес отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды, олар Кеңес отырысы өткізілгенге дейін үш жұмыс күні қалғанда хаттама жобасымен қоса Кеңес мүшелеріне жіберілуге тиіс.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен .

18. Дауыс беру парақтарымен қоса, Кеңес материалдары мен хаттамалық шешімдерін есепке алуды және сақтауды жұмыс органы жүзеге асырады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.